



Қазақстан агробизнесінің болашағын айқындаған үш күн

2025 жылғы 22–24 қазан аралығында Астанадағы «EXPO» халықаралық көрме орталығында Орталық Азиядағы ең ірі ауыл шаруашылығы көрмелері - KazAgro/KazFarm-2025 өтті. Көрмені халықаралық ExpoGroup компаниясы Шолпан Қожабаеваның басшылығымен ұйымдастырды.

Іс-шара 25 елден келген 316 компанияны және 10 мыңнан астам келушіні біріктіріп, аймақтың басты аграрлық алаңы мәртебесін тағы бір рет дәлелдеді. Көрме аумағы - 20 000 шаршы метрді құрады.



Халықаралық деңгей және қатысушы елдер

KazAgro/KazFarm көрмелері технология, ғылым және бизнестің тоғысқан ордасына айналды. Германия, Чехия, Австрия, Беларусь, Қытай, Ресей, Иран, АҚШ, Түркия, Испания және басқа да елдердің компаниялары қатысты.

Ұлттық және ұжымдық экспозициялар өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және агроөнімді өңдеу саласындағы озық шешімдерді ұсынды. Шетелдік делегациялар мен халықаралық ұйымдардың белсенді қатысуы KazAgro/KazFarm көрмесінің Орталық Азиядағы басты коммуникациялық платформа ретіндегі беделін нығайтты.



Іскерлік бағдарлама

Көрме аясында 20-дан астам іс-шара өтті: конференциялар, панельдік сессиялар, семинарлар, мастер-кластар және B2B/B2G кездесулер.

Негізгі тақырыптар:

- ауыл шаруашылығын цифрландыру және жасанды интеллект енгізу;
- аграрлық білім берудегі заманауи тәсілдер;
- тұрақты мал азығы өндірісі;
- ғылым мен бизнестің интеграциясы.



Негізгі кездесулер мен нәтижелер

Маңызды шаралардың бірі - «Агрохаб: ғылым және бизнес» конференциясы болды. Онда Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының 33 еншілес ұйымы қатысты.

- 📝 Нәтижесінде 700 млн теңгеден астам сомаға 10 келісімге қол қойылды, соның ішінде:
- Ресей-Қазақстан Агробιοтехно паркін құру,
 - инновациялық әзірлемелер бойынша лицензиялық келісімдер жасау.

Сонымен қатар, Беларусь-Қазақстан аграрлық форумы алғаш рет өтті. Форум нәтижесінде 90 млн АҚШ долларынан астам келісімшарттар жасалды.



Цифрландыру және инновациялар

Шамамен 30 компания төмендегі бағыттар бойынша өз шешімдерін ұсынды:

- дәлме-дәл егіншілік,
- GNSS-навигация,
- дрондар және жерді қашықтықтан бақылау,
- аграрлық бағдарламалық қамтамасыз ету және онлайн-платформалар.

Бұл технологиялар Қазақстандық агробизнеске жаңа келбет беріп, оның тиімділігін, тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттырмақ.



Жастар және стартаптар

Жастарды ауыл шаруашылығына тарту - көрменің басты басымдықтарының бірі болды.

«Ауыл» партиясы AgroHackathon ұйымдастырып, студенттік стартаптар мен агротехнологиялық идеяларға мүмкіндік берді.

Жобаларды бағалауға тәжірибелі фермерлер қатысып, ең үздік бастамаларға әрі қарай даму үшін қолдау көрсетіледі.



Қорытынды және жетістік

Үш күн ішінде көрмені 10 350 адам - фермерлер, инвесторлар, мемлекеттік орган өкілдері, ғалымдар мен шетелдік делегациялар тамашалады.

Қатысушылар KazAgro/KazFarm-2025 көрмесінің жоғары ұйымдастырушылық деңгейін, практикалық маңызын және іскерлік атмосферасын атап өтті.

Іс-шара Қазақстан агросекторының болашағын қалыптастыратын басты алаңға айналды.



Болашаққа бағдар

ExpoGroup халықаралық ынтымақтастықты дамыту және цифрлық ауыл шаруашылығы мен жасанды интеллект бағыттарын күшейтуді жоспарлап отыр.



**Келесі KazAgro/KazFarm-2026 көрмелері
2026 жылғы 21-23 қазан аралығында
Астанада өтеді.**

Барлық саланың өкілдерін шақырамыз -
Қазақстан агробизнесінің болашағын бірге жасайық!

Толық және нақтырақ ақпарат алу үшін ұйымдастырушыларға хабарласыңыз:



+7 (701) 952-86-72,
+7 (701) 958-29-73;
project@expogroup.kz
expogroup@expogroup.kz;
kazagroexpo.kz
kazfarm.kz
Instagram: @expogroupkaz